

1996 жылы қуаңшылықтан зардап шеккен және өздерін 1997 жылғы егістің жаздық астық дақылдарының тұқымымен қамтамасыз ете алмаған шаруашылықтарды қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 24 наурыздағы N 74 1996 жылы қуаңшылықтан зардап шеккен және өздерін 1997 жылғы егістің жаздық астық дақылдарының тұқымымен қамтамасыз ете алмаған шаруашылықтарды жекешелендіруден кейін қолдау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік ресурстардан 60 мың тонна жаздық астық дақылдарының тұқымын 1,1 астықпен қайтару коэффициентімен несие тәртібінде және 29,3 мың тоннасын сапалы астыққа айырбастау тәртібінде, қосымшаға сәйкес облыстар бойынша бөле отырып, бөлу туралы Қаржыминімен және "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамымен келісілген ұсынысы мақұлданын.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы қолда бар тұқымдар мен тауарлы астықтың сақталған партияларын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің олардың жер мен мүлікке байланысты кепілдік міндеттемелерімен жасалған шарттары бойынша беруді жүзеге асырсын.

2. Облыс әкімдері аталған несиелерді және 1997 жылдың өнімінен

бұрын берілген несиелерді осы өкімнің 1-тармағында белгіленген шарттарда, 1997 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей сөзсіз қайтаруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көліккоммині облыстар мен "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының өтінімдері бойынша тұқымдарды уақтылы тиеп-жөнелтуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 74 өкіміне қосымша

1997 жылдың егісіне мемлекеттік ресурстардан

несие және айырбастау тәртібімен бөлінетін тұқымдарды
БӨЛУ

мың тонна

Облыстар	Несиеге	Айырбастауға
Ақмола	-	3
Ақтөбе	12	5
Атырау	0,5	-
Шығыс Қазақстан	7	4
Жамбыл	5	-
Батыс Қазақстан	28,5	11
Көкшетау	-	2
Павлодар	-	2
Семей	7	-
Торғай	-	2,3
Жиыны	60	29,3